ПЯТИМАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ ПЯТИМАРСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

13.02.2025ж

№ 9

Пятимар ауылы

село Пятимар

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 4, 5, 6 тармақтарына сәйкес және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506, 507, 508, 509 тармақтары негізінде **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Заңның 16-бабының 3-тармағының 25-тармақшасында көзделген негіздер бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-мен техникалық паспортының телнұсқасын беру қызметін сатып алуға ҚҚС-сыз сомасы 8949,01 теңгеге бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасалсын;
2. Заңның 16-бабының 3-тармағының 25-тармақшасында көзделген негіздер бойынша «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-мен мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметін сатып алуға ҚҚС-сыз сомасы 58980 теңгеге бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасалсын;
3. Бас маман-есепші Н.Адиетовтың 2025 жылғы 13 ақпандағы қызметтік жазбасы негізге алынсын;
4. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарттарды жасасу бойынша қажетті әрекеттерді орындау бас маман-есепші Н.Адиетовке жүктелсін;
5. Шарттардың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді;
6. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын;
7. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Әкім **Б.Рамазанов**

000712

келісемін
Б.Рамазанов
14.02.2025 ж

Пятимар ауылдық округінің әкімі Б.Рамазановқа

Қызметтік жазба

Техникалық паспортының телнұсқасын беру қызметін сатып алуға ҚҚС-сыз сомасы 8949,01 теңгеге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-мен және (немесе) мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметтерін сатып алуға ҚҚС-сыз сомасы 58980 теңгеге «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-мен «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабының, 3-тармағының, 25-тармақшасы арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға келісім беруіңізді сұраймын.

Өнім берушілер бір көзден сатып алудың форматты-логикалық бақылауы тізбесінде тіркелген.

Пятимар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі **Н.Адиетов**

13.02.2025 ж.